

## **"Қазақстан Республикасы әскери соттарының судьяларына әскери атақтар беру Қағидаларын бекіту туралы"**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 06.06.2000 ж. N 49, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрінің 31.05.2000 ж. N 149 бірлескен бұйрығы . Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 12 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1154. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің 2004 жылғы 7 тамыздағы N 245л, ҚР Қорғаныс министрлігінің 2004 жылғы 16 тамыздағы N 435 бірлескен бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

### **Бұйырамын:**

1. "Қазақстан Республикасы әскери соттарының судьяларына әскери атақтар беру Қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2000 жылғы 6 маусымдағы N 49 және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2000 жылғы 31 мамырдағы N 149 бірлескен бұйрығының (N 1154 нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде тіркелген) күші жойылды деп танылсын....

Қазақстан Республикасының  
Әділет министрінің міндетін  
атқарушы  
Қазақстан Республикасының  
Қорғаныс министрінің міндетін  
атқарушы

---

Қазақстан Республикасы әскери соттарының судьяларына әскери атақтарды берудің бірыңғай қағидаларын белгілеу мақсатында және "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" U952694\_ Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының 59-бабының 6-тармағына, "Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Z939000\_ Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 наурыздағы N 223 P990223\_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі туралы Ереженің 13-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Қазақстан Республикасы әскери соттарының судьяларына әскери атақтар берудің қоса беріліп отырған Қағидалары бекітілсін.

2. Әділет Бірінші вице-Министрі мен жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Орынбасары осы бұйрықты Әділет министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің барлық құрылымдық бөлімшелері басшыларының назарына жеткізсін және оның зерделенуі мен мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әділет Бірінші вице-Министріне және жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолдануға енгізілсін.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрі

## **Қазақстан Республикасы әскери соттары судьяларына әскери атақтар беру туралы ҚАҒИДА**

### **Жалпы ережелер**

1. Осы Қағида Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы" конституциялық заң күші бар Жарлығы, "Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қорғаныс министрінің 1998 жылғы 30 қарашадағы N 210 V980747\_ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері офицер құрамы адамдарының әскери қызмет және запаста қызмет өткеру қағидасы негізінде қабылданған және Қазақстан Республикасы әскери соттарының судьяларына әскери атақты беру, төмендету, айыру және қалпына келтіру тәртібін реттейді.

2. Әскери соттар судьяларына "Жалпыға бірдей әскери міндет және әскери қызмет туралы", "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Z934000\_ Қазақстан Республикасы Заңдарының, әскери қызметті атқару тәртібін реттеуші басқа да нормативтік құқықтық кесімдердің ережелері қолданылады.

3. Әскери лауазымдар (әскери қызметшілер атқаруға жататын штаттық лауазымдар) мен оларға сәйкес әскери атақтар Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрімен келісім бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекітетін әскери соттар штаттарында көзделеді.

### **Әскери атақтар беру тәртібі**

4. Әскери соттар судьяларына Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде әскери қызметшілер үшін белгіленген әскери атақтар беріледі және әскери атақтарға "әділет" деген сөз қосылады.

5. Әскери соттар судьялары үшін әскери атақтарға:

әділет кіші лейтенанты атағына - 1 жыл

әділет лейтенанты атағына - 2 жыл

әділет аға лейтенанты атағына - 3 жыл

әділет капитаны атағына - 3 жыл

әділет майоры атағына - 4 жыл

әділет подполковнигі атағына - 5 жыл еңбек сіңіру мерзімі белгіленеді, әділет полковнигі және одан жоғары атақтарға белгіленбейді.

6. Әскери сот судьясы әскери атағына еңбек сіңіру мерзімі тиісті атақты беру туралы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап есептеледі. Әскери сот судьясының төмендетілген әскери атақта болу уақыты қалпына келтірілген әскери атақта еңбек сіңірген мерзімге есептелмейді.

7. Әскери соттар судьяларына жоғары офицер құрамының әскери атағын Қазақстан Республикасы Әділет министрінің ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті береді. "Полковник" және жоғары офицер құрамы әскери атағын беру ұсынымы Қазақстан республикасы Әділет министрінің алқасында қаралады.

8. Әскери соттар судьяларының офицер құрамына алғашқы әскери атақты Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі береді.

Әскери соттар судьяларына кіші және аға офицер құрамының кезекті әскери атағын әділет басқармасының бастығы мен Қазақстан Республикасы Әскерлері әскери соты төрағасының бірлескен ұсынымы бойынша, ал Қазақстан Республикасы Әскерлері әскери сотының судьялары мен әскери алқалары төрағаларына Қазақстан Республикасы Әскерлері әскери соты төрағасының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрі береді.

9. Әскери соттар судьяларына кезекті әскери атақтар беру атқарып отырған лауазымы, бұрынғы әскери атақта еңбек сіңірген уақыты, жағымды мінездеме ескеріле отырып, судья қызметтік борышын адал атқарған ретте жүзеге асырылады.

10. Әскери борышын және қызметтік міндеттерін үлгілі орындап жүрген әскери сот судьясына қоса алғанда полковникке дейін кезекті әскери атақ мерзімінен бұрын берілуі мүмкін.

11. Әскери атақ мерзімінен бұрын, әдетте, әскери атаққа белгіленген еңбек сіңіру мерзімінің кемінде жартысы өткеннен кейін және атқарып отырған

штаттық лауазымы бойынша көзделген әскери атаққа берілетін атақ сай келген ретте беріледі, бірақ әскери қызмет ету кезеңі ішінде екі реттен артпайды.

12. Атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген әскери атақтан бір саты жоғары кезекті әскери атақ әскери қызмет ету кезеңі ішінде әскери атаққа еңбек сіңірудің белгіленген кемінде екі мерзімі өткеннен кейін бір реттен аспай берілуі мүмкін.

13. Атқарып отырған штаттық лауазымы бойынша көзделген кезекті әскери атақты мерзімінен бұрын және бір саты жоғары әскери атақ алған әскери соттар судьялары жоғары тұрған лауазымдарға жылжыту үшін үміткерлер резервіне енгізіледі.

14. Өзіне жүктелген міндеттерді үстірт атқарған, судья қызметінде болумен байланысты лауазымдық өкілеттіктерін асыра сілтеуге, еңбек тәртіптерін және қызметтік әдеп талаптарын кідірту мерзімі міндетті түрде бұзуға жол берген әскери сот судьясына кезекті әскери атақты беру бір жылға дейінгі мерзімге кідіртілуі мүмкін.

Кезекті әскери атақты беруді кідірту туралы шешімді әскери атақ беруге ұсыну құқығы бар лауазымды адам қабылдайды. Мұндай шешім қабылдау үшін негіз болған себептер судьяға жазбаша түрде хабарланады. Әскери сот судьясына кезекті әскери атақ беру ұсынымы кідірту мерзімі аяқталған соң ғана жасалады.

15. Әскери сот судьясына әскери атақтар беру туралы материалдарды осы Ережеге сәйкес әскери атақ беруге ұсыныс жасауға құқығы бар лауазымды адам ресімдейді. Әскери соттың ол жөнінде қылмыстық істері қозғалған судьялары кезекті әскери атақ беруге ұсынылмайды.

16. Әскери сот судьясына кезекті әскери атақ беру туралы материалдар Әділет министріне судьяның бұрынғы әскери атақта болуы аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей табыс етіледі.

17. Әскери атақ беру туралы ұсынымға:

1) әскери сот судьясына оның кәсіби қызметіне, іскерлік және адамгершілік қасиеттеріне баға берілген мінездеме;

2) соңғы үш жылдағы, сондай-ақ егер бір жылдан асатын уақыт жұмыс істейтін болса, өткен жылмен салыстырғанда ағымдағы мерзімдегі сот істерінің саны мен сапасы туралы деректер;

3) тәртіптік жазалар туралы мәліметтер және көтермелеу;

4) алдыңғы әскери атақты беру туралы шешімнің көшірмесі қоса тіркелуі тиіс

**Әскери атақты төмендету, айыру және қалпына келтіру тәртібі**

18. Әскери соттың судьясы тәртіп бұзған, өзінің қызмет міндеттерін атқаруға үстірт қараған жағдайда әскери атақты берген лауазымды адам оның әскери атағын бір саты төмендетуі мүмкін.

19. Әскери атағы төмендетілген әскери сот судьясының бұрынғы әскери атағын төмендетілгеннен кейін бір жылдан соң әскери атақ берген лауазымды адам қалпына келтіруі мүмкін.

20. Әскери атақты қайталап төмендетуге жол берілмейді, өзге ықпал ету шаралары қолданылады.

21. Судья абыройы мен жоғары атағына кір келтіретін қылықтар жасаған әскери соттар судьяларын:

1) кіші және аға офицер құрамындағы адамдарды - Қазақстан Республикасының Әділет министрі;

2) жоғары офицер құрамындағы адамдарды - Қазақстан Республикасының Президенті;

3) бірінші әскери атақтағы офицер құрамындағыларды - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі әскери атақтан айыруы мүмкін. Әскери сот судьясын әскери атақтан айыру туралы мәселе Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің алқасында қаралады.

Әскери соттың қылмыс жасаған судьясы соттың заңды күшіне енген айыптау үкімі бойынша әскери атақтан айырылуы мүмкін.

22. Заңсыз сотталуына байланысты әскери атақтан айырылған әскери сот судьясының бұрынғы әскери атағы қалпына келтіріледі.

23. Әскери сот судьясы заңсыз әскери атақтан төмендетілген немесе әскери атақтан айырылған жағдайда бұрынғы әскери атағын қалпына келтіру туралы шешімді тексеру нәтижесі бойынша не сот шешіміне сәйкес:

1) кіші және аға офицер құрамы бойынша - Әділет министрі;

2) жоғары офицер құрамы бойынша - Қазақстан Республикасының Президенті қабылдайды.

24. Әскери сот судьясының әскери атағы заңсыз төмендетіліп жүрген уақыты не әскери атақтан заңсыз айырылған кезеңі қалпына келтірілген әскери атаққа еңбек сіңіру мерзіміне кіреді.